

Е. Қасабекова<sup>1\*</sup> , Г. Табашев<sup>2</sup> , Н. Тутинова<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

\*e-mail: enlik78@rambler.ru

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Ғылыми мақалада қазақ халқының исламға дейінгі діни дүниетанымының кейбір ерекше қырлары сыни талдаудан өткізілді. Сонымен қатар, исламға дейінгі қазақ халқының наным-сенімдеріне, діни көзқарастары мен олардың ерекшеліктеріне заманауи кезеңдегі дінтанулық сараптаулар тұрғысынан жіктемелер жасалған. Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасы халқының 70 пайызға жуығының ұстанатын діни – ислам діни және оның ішіндегі Әбу Ханифа бағыты екені белгілі. Сондай-ақ елде 130-дан аса ұлт-өкілдері 18 конфессия өзара татулықта, бейбіт өмір кешуде. Қазақстан жеріне ислам діни сияқты тарихи феномен келген кезеңге дейін де әртүрлі түркі тайпаларынан тұратын халықтар қауымдастығы әр қилы діни наным-сенімдерді ұстанған. Қазақстан секілді көпұлтты, көпконфессиялы мемлекеттің тұрғындарының діни көзқарастары мен діни наным-сенімдері елдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ел бірлігі тұрғысынан кешенді зерттеуді, ғылыми зерделеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі. Жалпы елдегі халықтың жетпіс пайызға жуығы өздерін діндарлар қатарына жатқызады. Мақалада қазақ халқының исламға дейінгі діни наным-сенімдері мен заманауи қолданыстағы «дәстүрлі ислам» терминімен арақатынасы мен байланысы анықталады. Исламға дейінгі діни нанымдардың орны мен маңыздылығы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** діндарлық, шаманизм, тәңіршілдік, митраизм, зороастризм.

E. Kassabekova<sup>1\*</sup>, G. Tabashev<sup>2</sup>, N. Tutinova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of CS MES RK, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Kazakhstan, Karaganda

\*e-mail: enlik78@rambler.ru

### Religious traditions of the Kazakh people before Islam

The scientific article is devoted to a critical analysis of some features of religious worldviews and traditions of the Kazakh people in history. In the work of the position of religious-analytical analysis of the peculiarities of beliefs, religious views of the tradition of the Kazakh people in the pre-Islamic period. Today, 70% of the population of the Republic of Kazakhstan adhere to the values of the Sunni Islamic sect, and the name of Abu Hanifa. This means that the country in the demographic plan is dominated by the number of adherents of Islam. Representatives of more than 130 nationalities and 18 religious denominations live peacefully in all conditions in Kazakhstan. Prior to the emergence of Islam in the Kazakh steppes, various religious directions were widespread. Religious views and religious beliefs of the inhabitants of a multinational, multi-confessional state as Kazakhstan are always one of the most important and topical issues requiring scientific research of the current state of the problems of the present study.

**Key words:** religion, shamanism, tengrianism, mitraizm, zoroastrianism.

Е. Касабекова<sup>1\*</sup>, Г. Табашев<sup>2</sup>, Н. Тутинова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Карагандинский университет Казпотребсоюза, Казахстан, г. Караганда

\*e-mail: enlik78@rambler.ru

### Религиозные традиции казахского народа до ислама

Научная статья посвящена критическому анализу некоторых особенностей религиозных мировоззрений и традиций казахского народа в истории. В работе с позиции религиоведческого анализа раскрыты особенности верований, религиозных взглядов и традиций казахского народа

в доисламский период. На сегодняшний день 70% населения Республики Казахстан придерживаются ценностей ислама суннитского толка, а именно мазхаба Абу Ханифы. Это означает, что в стране в демографическом плане число приверженцев ислама доминирует. В современных условиях в Казахстане мирно проживают представители более 130 национальностей и 18 религиозных конфессий. Еще до появления ислама в казахских степях были распространены разные религиозные направления. Религиозные взгляды и религиозные убеждения жителей многонационального, многоконфессионального государства, как Казахстан, всегда являются одной из важнейших и актуальных тем, требующих научного изучения проблемы с позиции программы модернизации общественного сознания. Всего 70 процентов населения страны считают себя религиозными людьми. В данной статье предпринята попытка раскрыть и определить соотношение между доисламскими религиозными традициями казахского народа и современным значением термина «традиционный ислам». Одним из интересных и рациональных аспектов статьи является использование результатов анализа элементов шаманизма, тенгрианства, митраизма и зороастризма в современных исламских традициях в сочетании с исламскими традициями.

**Ключевые слова:** верование, религиозность, шаманизм, тенгрианство, митраизм, зороастризм.

## Кіріспе

Қазақ халқының сонау түркілік кезеңнен бастап біртұтас халық болып қалыптасуына дейінгі уақыт аралығында дүниеге қатынасы жүйесінде ұстанған діни сенімдері мен көзқарастары және олардың ерекшеліктері аталмыш мақаланың басты зерттеу нысанына айналып отыр. Олардың барлығы тарих теңізінде із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ және қай қайсының қазіргі исламдық дәстүрлерді қалыптастыруына өзіндік орны бар. Назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарған тәңіршілдік, митраизм, шаманизм, зороастризм секілді діни сенімдер жайлы дінтанулық зерттеулер тұрғысынан зерделеулер жасаймыз. Жалпы қазақ халқының мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған діни және діндарлық дәстүрлер қауымдастық мәдениетінің басқа бөліктерімен, бағыттарымен тарихи қатар жасасып келді. Кез келген халықтың рухани келбетін оның ана тілінсіз, ділінсіз, дінінсіз, атамекенсіз толықтай қарастыру мүмкін емес, себебі осы аталған дүниелер, құндылықтар халықтың жалпы мәдениетінің ажырамас құрамдас бөліктері болып саналады. Еліміздің президенті Қ.К. Тоқаев өзінің қазіргі тарихи кезеңдегі тәуелсіздік мәселесінің тарихи маңызына арнаған тұжырымдамалық мақаласында жоғарыдағы іргелі рухани құндылықтарға ерекше маңыздылық береді (Тоқаев, 2021).

Мақалада қазақ даласындағы діни дәстүрді қалыптастырудағы маңызды рөлі бар, өзіндік ерекше із қалдырған діндер немесе сенімдер жайына, соның ішінде тәңіршілдік, шаманизм, зороастризм дәстүрлеріне кеңірек тоқталып,

ғылыми тұжырымдар жасаймыз. Көшпелі түркі тайпаларының біртұтас халық болып қалыптасуына дейінгі дәуірлерде, яғни исламға дейін немесе мұсылмандыққа мойынсынғанға дейін бірнеше тарихи және діни кезеңдерді басынан өткерді. Мақала мазмұны қазақ жерінде өзіндік орны болған, әлі де элементтері дәстүрлі исламда қолданысқа ие, қазақ халқының діни дәстүрінің философиясын айқындауға негіз болған діндер мен діни сенімдерді жан-жақты талдауға арналады.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Исламға дейінгі діни наным-сенімдер мен оның қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастырудағы орны орасан зор болды. Қазіргі исламдық дәстүрлердегі шаманизмдік, тәңіршілдік, митраизмдік, зороастрилік элементтердің қолданылуы бұрын зерттеушілер тарапынан көп талданбаған мақаланың қызықты да ұтымды тұстарының бірі болып отыр. Және ондағы дәстүрлі ислам түсінігі немесе құбылысымен өзара байланысын салыстыра отырып зерттеп-зерделеу мақаланың басты міндеттерінің бірі. Қазақстан секілді көпұлтты елдердегі діни дүниетанымның қалыптасуы мен дамуы мәселесімен қатар, діни көзқарастардың үйлесімді өрбуі маңызды әрі басты мәселелердің бірі болғандықтан және аталмыш тақырыптың өзектілігі берілген мақаланың тақырыбын таңдауымызға себеп болды. Бүгінгі таңда көпұлтты елдердегі діни дүниетаныммен қатар, діни көзқарастардың үйлесімділігі маңызды әрі басты мәселелердің бірі. Мақалада осындай өзекті әрі маңызды тақырыпты қамту арқылы қоғамдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың тетіктерін анықтауға талпындық.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Қазақ даласындағы исламға дейінгі діни наным-сенімдер тақырыбын зерделеу барысында келесі зерттеу ғылыми тәсілдер топтамасы қолданылды: тарихи баяндау немесе сипаттамалау әдісі, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық, тұтастылық, анықтамалық және статистикалық әдіс түрлері кеңінен қолданылды. Сонымен қатар мәселенің түбегейлі қырларын анықтау үшін және құндылықтық маңызын ашу үшін тарихи-аксиологиялық талдау тәсілі қолданылды.

## Негізгі бөлім

Қазақ халқы өзінің саяси, экономикалық және мәдени тәуелсіздігін алғанына бүгінде тура 30 жыл толып отыр. Осы тарихи кезеңге дейінгі уақыт аралығында Қазақстан КСРО құрамында болды. КСРО кезеңі дүниетанымдық таңдау тұрғысынан алғанда атеистік кезең болып сипатталады. 1991 жылы Қазақстан Республикасы ресми түрде тәуелсіз ел атанды. Осы тәуелсіздікпен қатар ел өзінің ұлттық тіліне, тарихи дәстүрлі дініне және діліне қайта оралды. Елде рухани жандану мен өткенге жаңа деңгейде оралу секілді үдерістер жолға қойылды. Осы орайда білім-ғылым саласы да жетістіктерге қол жеткізді. Дінтану саласы да өзінше реформаларға қол жеткізді. Ондай реформалардың бірегейі мектептерде, жоғары оқу орындарында дінтану курсының оқытылуы болды. Яғни дінтанудың жолға қойылуы мен оқытылуы мен зерттелуі тәуелсіздікпен қатар жүзеге асып келеді. Адамзат баласына белгілі бір діни нанымның керектігі ерте заманнан-ақ белгілі болған. Оған осы мақалада берілетін діндарлық дәстүрлер туралы мысалдар соның дәлелі болады деген ойдамыз.

Діни наным-сенімдер мен діндер де заманауи үдерістерден қалмай ғылыми зерттелу үстінде. Діннің маңыздылығы мен оның қажеттілігі күн өткен сайын дәлелденуде. Тәуелсіздік кезеңіндегі жалпы көріністі Ә. Нысанбаевтың мына сөздерінен көре аламыз: «Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының рухани-құндылық әлемі, оның ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін ардақтау, қазақ халқының генофонындағы ұлы ойшылдары мен тұлғаларын бүкіл әлемге таныту, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруа атқарылды» (Нысанбаев, 2015: 6).

Қазақ халқының сонау түркілік заманнан бері халық болып қалыптасуына дейінгі кезеңдердегі қазақ даласындағы әртүрлі діндер мен сенімдері және олардың әрқайсысының қазіргі исламдық дәстүрдің қалыптасуына өзіндік орны болғаны анық. Енді қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастыруға айрықша рөл атқарған тәңіршілдік, митраизм, шаманизм, зороастризмнің сипаттамаларына қысқаша тоқталамыз. Қазақ халқы сонау ежелгі заманнан осы уақыт аралығына дейін бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткерді және әрбір тарихи кезең өзіндік ерекшелік пен сипатқа ие. Сондай-ақ осынау кезеңдердің өзіндік тарихы мен сол замандағы халықтардың өмір сүру салты, өнері, мәдениеті, ұстанған дін үлгісі болғаны табиғи заңдылық, тарихи құбылыс.

Қазақ халқының діндарлығы мен зайырлылығы мәселесіне назар аударып, зерттеулер жасаған ғалымдар мен олардың кітаптары да аз емес. Діндарлық пен зайырлылық жөніндегі тақырыптарда зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың қатарына А.Г. Косиченко мен Е.Е. Буроваларды жатқызуға болады. Олардың қатысуымен құрастырылған ұжымдық монографияда еліміздегі пайызға шаққандағы бүгінгі таңдағы діндарлықтың көрсеткіші қарама-қайшылықтарға толы екендігі көрсетіледі. Мәселен, төмендегі тұжырымдарға назар аударуға тұрарлық: «Тренды религиозности массового сознания оказались весьма противоречивыми, и их роль предстала далеко неоднозначной» (Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий, 2020: 79). Осыдан діндармыз деп айтатын адамдардың өзінің діндарлық дәрежесі ауызша екенін, діндарлықтың барлық заңдылықтарын ұстанбайтынын байқауға болады. Егер мысалға мұсылмандықты алсақ, кейбір адамдар өздерін «мұсылманбыз» деп есептегенмен де исламның 5 парызын толық ұстанбайтындарын айтады. Осыдан шығатын қорытынды, кейбір адамдардың өз дүниетанымында толығымен бір дінге мойынсынбай, басқа да діндердің элементтерін де ұстануы байқалады.

Көшпелі қазақ елінің біртұтас халық болып қалыптасуына дейін, яғни монотеистік дін исламның таралуына дейін немесе мұсылмандыққа толық мойынсынғанға дейін бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Төменде қазақ жерінде өзіндік орны болған, әлі де элементтері сақталған, қазақ халқының діни дәстүрлерін айқындауға негіз болған діндер мен діни сенімдер жайында толығырақ сөз қозғалады.

«Қазақтардың тарихының арғы түркілік кезеңінде әртүрлі діни наным-сенімдердің орын алғаны жасырын емес, өйткені нақты тарихи дәлелденген фактілерге жатады. Сонау Шамандық (бақсылық) пен Тәңіріге сенуге арқа сүйеген кезеңінен басқа Зороастризм, Будда, Христиан діндері қазақтың кең даласында өзінің кейбір көріністерін танытып отырған дәуірлер болғанын айта кету керек. Ал аруаққа сену, қасиетті жерлер мен аңдарды қадірлеу дәстүріміз үшін өзінше бір төбе» (Религия в Казахстане).

Кез келген халық пен мемлекеттің, тілдің, экономиканың жеке дара өмір сүре алмайтыны секілді, дін де жеке дара өмір сүре алмайды, олай дейтін себебіміз олар өзара тығыз байланыста, сабақтастықта өрбиді. Жалпы дін сөзінің түпкі мағынасына тоқталсақ, «дин» араб тілінен аударғанда, мойынсыну, бағыну, құлшылық, үкім, есеп, жаза, заң деген көптүрлі мағынаны береді. Діни дәстүрге келсек, онда діни наным-сенімдердің ұсталуы, іске асуы, түр сипаты, онтологиясы деген секілді жалпылама көпмағынаны білдіреді. Осы көпмағыналы құбылыстың өзіндік қырларын анықтау, олардың қазіргі заманға сәйкес мазмұндық сипатын пайымдау қазіргі дінтанушы мамандардың алдында тұрған үлкен мәселе.

«Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы кейбір жағдайларда «ұлт» деген ұғымды да қамтиды. Ал «діннің» термин ретіндегі мағынасы дін уағыздаушылар тарапынан, Алла Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жандүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Алланың разылығына кенелумен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді деп түсіндіріледі. Сондай-ақ, «дін» ұғымы – адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен Жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен тәртіптері ретінде қабылданады. Әрине, біз бұл жерде «діннің» ұлан-асыр мағыналық көпқырлылығын барынша синтездеп, негізгі ұғым ретінде ғана келтіріп отырмыз. Асылында, бұл тақырыптың шеңбері қысқаша зерттеулермен шектелмейтіні даусыз (Дін дегеніміз не? 2015). Яғни, қалайда дін – сенім мен мойынсыну арқылы құлшылық арқылы жүзеге асатын құбылыс екенін байқатады. Төменде сөз қозғалатын діндер мен діни сенімдерде мойынсыну мен құлшылықтың әр түрлі үлгілерін көруге болады. Дін, тіл, діл қатар жүретін ұғымдар екені белгілі. Менталитет терминінің қазақ тіліндегі мағынасы – діл деген ұғыммен сәйкес келеді. Жалпы діл тіл мен

діннен жеке бөліп алып қарастыратын ұғым емес. Сондықтан осы үшеуінің өзара қарым-қатынасы арқылы белгілі бір халықтың ұлттық бет-бейнесін, өмір тынысын, дүниені пайымдауын танып-білуге болады.

Қазақ жерінде орын алған діндер мен сенімдерге кеңірек тоқталар болсақ, қазақ халқына келіп жеткен ең алғашқы дінді қазіргі ғалымдар тәңіршілдік деп атап жүр. Әлемдік діндер – христиан, буддизм, ислам қабылданғанға дейін түріктер мен моңғолдардың көне айрықша діні ол осы Тәңірге табыну, сену болды. Маньчжурия, Қытай жылнамаларынан, араб, иранның көне жазбаларынан, VI-X ғасырларда табылған көне түрік ескерткіштерінен біздің бабаларымыздың о бастағы діні Тәңіршілдік болғанын ғалымдар зерттеп білген. Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырларда Ұлы даланы мекен еткен біздің ата-бабаларымыз да жер бетіндегі өзге халықтар секілді сенім-наным болған. Наным-сенімсіз өмір сүрудің өзі мүмкін емес. Төбеміздегі төңкеріле жауып тұрған аспанның ар жағында әлемді басқарып, адамзатты жаратқан белгісіз күш иесі бар екендігін түйсік арқылы сезген бабаларымыз оның атын Тәңірі деп есептеген. Тәңірі, айналып келгенде, барлық халықтарға ортақ бір Құдай, яғни жаратушы ие деп түсінілгеніне ешқандай шек жоқ. Көзге көрініп тұрғаны төбемізде көк аспан болғандықтан, оны бабалар Тәңірінің рухы деп есептеген. Нәтижесінде, аспанға, Тәңіріге табыну пайда болады. Тәңіршілдіктің ең жоғары тұлғасы құдай, немесе тәңірі деп аталды. Тәңіршілдіктің қасиетті кітабы болмағаны жайында айтылады (Религия в Казахстане). Тәңіршілдік дегеніміздің аты айтып тұрғандай Тәңіріге сену мойынсыну, Тәңіріге табынуды білдіреді. Көк қасиетті, Қасиетті тәңірі деген ұғымдар осы тәңіршілдікке тән терминдер болып келеді.

Татарстанда жарық көрген Р.Н. Безертиновтың «Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство» атты кітабында тәңіршілдік турасында былай жазылады: «Еще до принятия буддизма, христианства, ислама тюрки имели свою, более древнюю и самобытную религию. Она была основана на культе космического божества Тэнре. Представление о Тэнре, восходящее своими корнями к V-IV тысячелетиям до н.э., как от главном божестве было характерно для всех тюрков и монголов Великой степи» (Безертинов, 2017: 3). Сондай-ақ Тәңірі сөзі «Таң» және «Ра» сөздерінен шыққан делінеді. «Таң» түркі тіліндегі таңды білдірсе, «Ра» – күн деген мағынаны береді. Тәңірі – көк тәңірі аспан,

күн, жер, табиғаттың бәрін қасиетті деп санаған. Өзірге ғалымдар арасында Тәңіршілдіктің мәнін түсінуде толық біржақты келісім орнай қойған жоқ. Олардың бір бөлігі бұл сенім ілімі онтология (біртұтас Құдайға сену), ғарыштық сенім (өзара байланыстағы ішкі әлемнің тұжырымдамасы), мифология және сайтандықты тану (бабалар аруақтары мен табиғат рухтарын ажырату) концепциясы формасын алған дегенді ұстанады. Ал енді бір бөлігі болса, Тәңіршілдікке сыйынудың басты канондары белгіленген қасиетті кітабы болған дегенді алға тартады. Тәңіршілдікке табыну – көгілдір аспанды табыну объектісіне айналдыру. Сол арқылы аспан қожайынының рухына табыну. Бабаларымыз аспан бірнеше қабаттан тұрып, оның ең жоғарғысында Тәңірінің өзі, төменгі қабаттарында адамдарға жақсылық шашуға дайын тұратын періштелер мен әртүрлі аруақтар мекен етеді, олар атқа мініп жүреді деп айтқан. Сондықтан да құрбандыққа жылқы малы шалынған. Ал біздің көзімізге көрініп тұрған аспанның ең төменгі қабатында Ай мен Күн, жұлдыздар және кемпірқосақтар тұратындай көрінген. Тәңірі тұратын қабаттан кейінгі ортадағы әлемде табиғатты қоршаған рухтар тұрады. Олар – орман, тау, асулар мен қайнар көздердің қожайындары. Ал басқа аруақтар болса, олар басқа нысандардың және өлген адамдардың рухы. Сол рухтар көзге көрініп тұратын әлемді басқарады, сондықтан да адамдарға өте жақын деген сенім болған. Х ғасырда Тәңіршілдікке сыйыну мен исламның өзара тығыз ықпалдастығы барысында тарихи саяси жағдай орнықты. Екеуі бетпе-бет келіп, бірімен бірі жауыққан жоқ. Өйткені екеуі де ізгілік пен игілікке, түсіністікке, табиғатпен етене өмір сүруге бағытталған сала еді. Тәңіріге сыйыну Алланы қабылдауға қайшы келмейді. Өйткені екеуінің де ұстанған ғұрыптары бір-біріне өте ұқсас. Ал от-су, Күн мен Айға табынуға жол берілуі сенімдерінің жемісі. Бұл жолдан барлық адамзат өткені туралы көптеген ғалымдар өз ойларын түйіндеген. Бұл жерде байқауға болатыны қазақ халқының діндарлық дәстүрлері табиғи күштерден бастау алуы. Тәңіршілдіктен кейін кеңірек тамыр жайған діндердің бірі шаманизм.

Келесі тоқталатын діни бағытымыз – Митраизм. Митраизм діні немесе сенімі Тәңіршілдікке ұқсас болғаны белгілі. Олай дейтін себебіміз мал бағумен айналысқан көшпенді халықтар үшін табиғаттың маңыздылығы ерекше болды. Ал Митраизм діні үшін табиғат, адам мен оның өзара қарым-қатынасы маңызды аспектілердің бірі болды. Митраизм дінінің құдайы Митра бо-

лып келеді. Митраның мекені Аспан мен Жердің арасындағы ұшықиыры жоқ кеңістік. Осы кеңістік арасында бұл құбылыс шындықты, достықты, адалдықты дәріптейді. Г.Г. Соловьеваның «Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы» атты кітабының Митраизмге арналған бөлімінде: «Митра әділдік пен сауаптың нышаны. Ол өзінің атын күйме арбасына мініп, адал, өтірікті білмейтін, өз сертін орындайтын халыққа көмекке келіп, ант бұзушы қылмыскерлерді, зұлымдарды, өз сертінде тұрмайтын адамдарды жазаға тартады», – делінеді (Соловьева, 2020: 20). Яғни Митраизмнің дәріптейтін дүниелері адалдық, шындық, достыққа беріктік секілді биік адамгершілік қасиеттері. Митраизм дүниетанымы тәңіршілдікке сай келетінінің бірден бір көрінісі екеуінде де Жоғарғы әлемді құдайлар басқарады, ортаңғы әлем адамдардың мекені, ал төменгі әлем қара күштердің ортасы делінеді. Және осы баяндалған екі діни көзқарастарда да қазақ халқы ортаңғы дәрежедегі діндарлықты ұстанған. Себебі қазақ халқының ұлан-ғайыр территориясын мекен еткен басқа тайпа мен дін өкілдеріне деген құрметтерін жоғалтпаған, яғни ерте заманнан бері негізінен зайырлы, толерантты көзқарасты ұстанғанын байқаймыз.

Келесі күрделі ауқымды тақырыптардың бірі Шаманизм. Ол – Күн, Ай, жұлдыздар, күн күркіреуі, найзағай, өрт және басқалар сияқты табиғи құбылыстар құдайлар түрінде бейнеленген табиғи политеистік дін. Шаманизм – діни наным-сенімдердің ішіндегі ең күрделісі, қарапайым тілмен айтқанда бақсылық. Бұл діни сенім сонау Сібірден басталып, Солтүстік Америка, Орта Азия, Қазақстан жерлерінде кеңінен тараған.

Қазақ халқында «бақсылар ойнайды» деген ұғым бар, егер бұл сөздің мағынасын аша түссек, алабажақ киінген, темір-терсек тағынған, ерекше бас киімді ебедесіз адам қобыздың әуеніне немесе белгісіз бір сиқырлы әуенге елтіп ерсілік-қарсылы жүріп, айғайлап ем-дом шараларын жүргізген, оны қарапайым халық «бақсы ойнады» деп атаған. Қазақ бақсылары өздерінің тәжірибесінде арнайы бақсылық өлең-сарынды қолданып келді. Сонымен қатар өздерінің тәжірибесінде қобыз бен қамшыны пайдаланды. Шаманизм ілімі мен бақсылық екеуі егіз ұғымдар екенін байқауға болады. Шаманизмде ерекше қасиетке ие «шаман» немесе «бақсы» адамдар. Ондай адамдар тек қана адамдарды емдеп қоймай, сонымен қатар олардың өмірін өзгерту үшін әртүрлі әдістерді қолданған.

Олар осындай ем-дом үстінде еліріп, билеп, айғайлап, жануарлардың дауысын салып терен трансқа түсетін еді. Бақсының мақсаты адамдар мен әруақтар арасында елші болып, бір процесті өзгертуге өз күшін салу еді. Шоқан Уәлиханов тәңіршілдік пен шаманизмді ұқсас сенімдер деп қарастырған оған дәлел ретінде келесі тұжырымдарды оның жазбаларынан байқауға болады: «Тәңіршілдіктің бойында түркі халықтарының көптеген діни тәжірибесі ұштасқан. Олар Тәңірі мен құдайлардың айтқанымен жүріп қана қоймай, қоршаған әлемнің мәнін де тануға тырысты. «Табиғат пен адам, өмір мен құпияға толы дүние. Адам мен табиғаттан асқан қандай керемет бар?» – дейді (Уәлиханов, 1980: 39). Алғашқы қауым адамдарының түсінігі бойынша шаман мағынаға ие, рухтарды басқаруы мүмкін. Шаманның сиқырлы дабылы бар. Дабылдың бетінде көк пен жердің суреті салынған. Шаман сиқырлау арқылы рухтарды дабылдың ішіне кіруге зорлайды. Осы кезде есінен танғанша есіріп билейді. Ол есінен танғаннан кейін пейіш пен тозақты аралап жүр деп есептеледі. Шаман сол аралықта аталарының рухтарынан кейбір мәліметтер алып отырады. Азиялықтардың арасында шаманның құрметін асыра түсетін жағдай – олардың адам үйрене алмас, жұмбақ мәліметтерді бойына жинақтауы. Бұл дәрежені бағындыру үшін шаман тәнін жаттықтырып, ішіп-жеуді азайта түседі. Қазақ халқының аңызға, әруаққа деген сенімі, қасиетті қазақ халқының діни сенімдерінің бір қыры болып табылады. Қазіргі кезде де бақсылықтың ұстанушылары аз емес, десе де олардың істеген іс-әрекеттері исламға кереғар деп бағаланып, Аллаға серік қосу болып саналады.

Қазақ халқының атаулы ұстанған діни болмаса да, олардың өміріндегі өзіндік орын алатын дін Зороастризм діні біздің заманымызға дейінгі VII-VI ғасырларда пайда болып, парсы патшалары қабылдаған дін екені белгілі. Зороастрлар деген кімдер деген сұраққа жауап іздесек, оларды ежелгі Иран жерін мекен еткен, қасиетті кітабы «Авеста» деп аталатын дін өкілдері деседі. Авеста кітабы авеста тілінде жазылған. Зороастрлар қазіргі таңда Иран жерінің Фарс облысында, АҚШ-та, Үндістанның бірқатар аймақтарын мекен етеді. Зороастрлардың ілімі бойынша от стихиясы қасиетті ұғым деп саналады. Кейбір кітаптарда зороастрларды «отқа табынушылар» деп береді, десе де зороастрлар бұл пікірге қарсы шығады (Бойс, 1994: 24).

Қазақ халқындағы отпен аластау, суды лайламау, күннен жылу тілеу, зороастризм элементтері, ал айға сәлем беру қазақ халқына тән ерекшелік болып саналады, сондай-ақ осындай құбылыстарды қазіргі ирандықтардың мәдениетінен де байқауға болады. Зороастрлар мен қазақ халқын жақындастыра түскен ортақ мерекенің бірі наурыз болып саналады. Иран жыл санауы бойынша фарвардин айының басында біздің ай санауымыз бойынша наурыз айының 21-нен 22-іне қараған түні жаңа жыл кіреді. Авесталықтардың жазбаларында фарвардин айына он күн қалғанда «фравахар» – яғни зороастрлардың сенімі бойынша адамзат баласының бойындағы жақсы, игі істердің бастамашысы, өлген кісілердің «фравахарлары» қазақша аударғанда «әруақтары» жерге түсіп, жердегі тазалық пен жақсылықтардың, игі істерді бақылауға келеді. Қазіргі Ирандағы фарвардин айының аты осы «фравахар» деген сөзге тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған тазалық пен игі істер демекші, өлген кісілердің фравахарлары 10 күн жерде болады. Осы орайда зороастрлар үйжайларын ретке келтіріп, отбасындағы ананың рөлі артып, отбасы мүшелерінің тазалығы мен жаңа зат, киім-кешек алуға кіріседі. Әсіресе балалардың киімдерін түгендеп, бүтіндеп, үйлерін жинап, әдемі иісті балауыздарды жағып үйге жаңа рең мен тазалық орнатады. Бұл шараларды жасаудағы негізгі мақсат – фравахарлардың жердегі дүниенің тыныш, әдемі тіршілігін көріп, өз әлемдеріне қуанышпен оралуы деседі. Зороастрлықтар осы наурыз түнін «хамас-пат-майдиэм» деп, яғни «күн мен түннің теңесу» түні деп атады (Рүстемов, 1993: 138). Осы тұста айта кететін жайт: қазақ халқының діни мәдениетінде фраварх «әруақ» ұғымы бар, оған құрмет көрсетіп құран бағыштау өзіндік дәстүрлік ұқсастық болып саналады. Сонымен қатар, зороастризмнің қазақ халқының діндарлық дәстүрлер қалыптастырудағы өзіндік маңызды рөлі бар деп айтуға болады, себебі олардың кейбір тұстары әлі исламдық ортада да қолданыста.

Түркі халықтарының мәдениетіндегі діни дәстүрлер тақырыбы қашанда зерттеушілерге өте қызықты да, тартымды әрі өзекті тақырыптардың бірі де бірегейі. Осы тұрғыда зерттеушілердің назарын түркілердің байырғы діни ретіндегі тәңіршілдікке ғана аудармай, исламның түркі халықтарының рухани өміріндегі орны мен маңызына, бұл мәселені зерделеу қазіргі жаһанданып бара жатқан әлем жағдайында тарихи жалғасын табуды қажетсініп отыр. Қазіргі

түркі тілдес халықтардың басым көпшілігі ислам дінін ұстанушылардың қатарында. Дегенмен де қазіргі мәдениетте тараған ислам өзгеше және ол Қазақстанда қалыптасқан «дәстүрлі исламнан» аздаған айырмашылығы бар және ол өз кезегінде еліміздің ғылыми қауымдастығын бірегейлік мәселесіне және жаңа өзгерген жағдайларға сәйкес бұрынғы рухани дәстүрлердің бейімділік мүмкіндіктеріне назар аударуға шақырады.

### Нәтижелері және талқылама

Қазіргі уақыттағы тәуелсіздіктің нығаюы кезеңі күрделі мәселелерді тиімді шешудің жолдарын іздестіруге, қоғамның мәдени және өркениеттік өзіндік болмысын қалпына келтіруге жаңа мүмкіндіктер ашады. Тарихын білмеген, өткенін дәріптемеген халық алдыға жылжи алмайтыны секілді қазақ халқының діни тұрғыдан қандай да бір діндарлық дәстүрлерінің болуы мен олардың өз дәрежесінде зерделенуі мақаланың негізгі нәтижесі болды. Мақалада берілген мақсатқа сай, қазақ даласындағы қазақ халқының рухани әлеміндегі діни құндылықтар мен діни наным-сенімдер қарастылырып, оның ерекшеліктері мен заманауи рухани үдерістермен үндестігі айқындалды.

### Қорытынды және тұжырымдама

Сонымен мақаланы қорыта келе, қазіргі заманның ақпараттық ағыны, экономикалық

байланыстары, мәдени және әлеуметтік интеграцияланулары үлкен діндерді территориялық жағынан аймақтарға шектеп тастауларды жойып, жаңа байланыстарды орнатуда. Керісінше, қазіргі таңда әлемдік діндер оның әр қилы филиалдары әлемнің әр бөліктеріне таралып, бір-бірімен бәсекелестікке түсіп отыр. Жалпы заманауи дінаралық қайшылықтардың түптамасы осындай үрдістерде жатыр. Ал әлемдік қатынастар негізінен күштік басымдылықтарға арқа сүйгендіктен діндердің бойындағы мазмұндық негіздер екінші қатарға ауысады, алдыңғы орынға саяси күштердің стратегиялық мүмкіндіктері шығады. Сондықтан дін мен діни наным-сенімдер ғылыми нысан ретінде әрдайым маңызды да қызықты зерттеу тақырыбы болып қалады. Қазақ халқының діни дәстүрлері бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әртүрлі тарихи кезеңдермен бір-бірін толықтырып келе жатқан құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діндарлық дәстүрлері әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар ғылым саласы. Ұлттық дүниетаным, мемлекеттік тіл, діл бар кезде діни дәстүр философиясы замананың үдерісімен дами үстіне дами бермек. Елбасының болашаққа бағдарлаған тарихи Рухани Жаңғыру тұжырымдамасы заманауи ұлттық болмысымызды да дамытып, ұмытылған рухани дүниемізге жақындатады, оны түлетіп отыруға итермелейді.

Мақала гранттық қаржыландыру аясындағы №AP08855962 ғылыми жобасы бойынша орындалған.

### References

- Безертинов Р.Н. (2017) Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство»: учебное пособие. – 2-е издание. – Казань. – С. 245. Дін дегеніміз не? [Электронды ресурс] URL [https:// fatua.kz/kz/post/view?id=334](https://fatua.kz/kz/post/view?id=334)
- Бойс М. (1994) Зороастрийцы. Верования и обычаи. – СПб.: Петербургское востоковедение. – 228.
- Нысанбаев Ә.Н (2015) Қазақстан халқының рухани-құндылықтар әлемі / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ. – 188.
- Религия в Казахстане [Электронды ресурс] URL [https:// old.unesco.kz/heritagenet/kz/content/duhov\\_culture/religia/religia\\_in\\_kz.htm](https:// old.unesco.kz/heritagenet/kz/content/duhov_culture/religia/religia_in_kz.htm)
- Рүстемов Л.З. (1993) Парсы тілінің ізашары. – Тегран. – 280.
- Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий (2020): Коллективная монография. – Алматы: ИПФР КН МОН РК. – 250.
- Соловьева Г.Г.(2020) Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы: оқу құралы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ. – 324.
- Қазақ халқының философиялық мұрасы (2014) 9-шы кітап. – Алматы: ФСДИ. – 265.
- Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: ИПФР КН МОН РК, 2013. – С. 204.
- Тоқаев Қ. (2021) Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. 5 қаңтар.
- Уәлиханов Ш. (1980) Қырғыздардағы шамандықтың іздері. – Алматы. – 139.
- Уәлиханов Ш. Қырғыздардағы шамандықтың іздері [Электронды ресурс] URL [https://shoqan.kz/completed/works\\_shaman/](https://shoqan.kz/completed/works_shaman/).

### References

- Bezertinov R.N (2017) Drevnetjurkskoe mirovozzrenie «Tjengrianstvo» [Ancient Turkic world «Tjengrianstvo»]. Uchebnoe posobie. 2-e izdanie. – Kazan'. – 245. (in Russian)

- Din degenimiz ne? [What is religion?] [Jelektrondy resurs] URL [https:// fatua.kz/kz/post/view?id=334](https://fatua.kz/kz/post/view?id=334) (in Kazakh)
- Bojs M. (1994) Zoroastriycy. Verovanija i obyčaji [Zoroastrians. Beliefs and customs]. Sankt Peterburg. – 228. (in Russian)
- Nysanbaev A.N (2015) Kazakhstan halkynyn ruhani-kundylyktar alemi [The world of spiritual values of the people of Kazakhstan] / Z.K.Shaukenova zhane S.E.Nurmuratovtyn redakcijasy men. – Almaty: KR BGM GK FSDI. – 188. (in Kazakh)
- Religija v Kazahstane [Religion in Kazakhstan] [Jelektrondy resurs] URL [https:// old.unesco.kz/heritagenet/kz/content/duhov\\_culture/religia/religia\\_in\\_kz.htm](https://old.unesco.kz/heritagenet/kz/content/duhov_culture/religia/religia_in_kz.htm) (in Russian)
- Rustemov L. Z (1993) Parsy tilinin izashary [Pioneer of the Persian language]. – Tehran. – 280. (in Kazakh)
- Svetskost' i religija v sovremennom Kazahstane: modernizacija duhovno-kul'turnyh smyslov i strategij [Secularism and Religion in Modern Kazakhstan: Modernization of Spiritual and Cultural Meanings and Strategies] (2020). Kollektivnaja monografija. – Almaty: IPFR KN MON RK, 2020. – 250. (in Russian)
- Solov'eva G.G (2020) Kazirgi Kazahstan aumaghyndaghy dinder tarihy [History of religions in modern Kazakhstan]: Oku kuraly. – Almaty: KR BGM GK FSDI. – 40. (in Kazakh)
- Kazakh khalkhynyn filosofhialyk murasy. 9-shy kitap – Almaty. – 265. (in Kazakh)
- Orynbekov M.S. Genesis religioznosti v Kazahstane. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2013. – 204. (in Russian)
- Tokaev K. (2021) Tauelsizdik barinen kymbat [Independence is the most precious] // Egemen Kazakhstan. 5 kantar. (in Kazakh)
- Ualihanov Sh. (1980) Kyrgyzdardaghy shamandyktyn izderi. – Алматы. –139. (in Kazakh)
- Ualihanov Sh. Kyrgyzdardaghy shamandyktyn izderi [Traces of shamanism in the Kyrgyz] [Jelektrondy resurs]. URL [https://shoqan.kz/completed/works\\_shaman/](https://shoqan.kz/completed/works_shaman/). (in Kazakh)